

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем»бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Еркетай» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Бекмуратова Айнур				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	13.03-17.03.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сарсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді куте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді куте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс- аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сұрту іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру.
"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт- дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау,	"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа	"Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, қағаз қындыларынан киіз үйді құрастыру.	"Ұлттық ойын. Хан алшы" «Хан алшы» — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі	Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі қымылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге	

	<p>білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлек білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тәнису)</p>	<p>тәрбиелеу. (математика негіздері)</p>	<p>Педагог: - Балалар, қазір біз "Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойнының ойнаймыз. Ойынның шарты: алдарында киіз үйді құрастыратын қыындылар бар. Мен ретімен киіз бөліктерін атап отырамын, сендер ойланбастан сол бөлікті тез алып, қағаз бетіне қойып, құрастырып шығасындар. Кідіріп қалған жұмыстар есепке алынбайды. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға киіз үй бейнеленген таңбалалауыштар үлестіріледі.</p>	<p>қызыл туске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, оыйн бастаушы «Хан асығымен» оларды көздең, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бұқ, шік, тайқы қалыптарымен түссе, оыйн бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер оыйн бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында, «Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол</p>	<p>баулу. - Дастархан дайын болса, (алақандарды өзара уқалау) Қонақтарға жайылса. (шапалақтау) Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру) Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>
--	---	---	---	---	--

			(жапсыру)	бала женіске жетеді. Келесі ойынды женіске жеткен бала жалғастырады. (дene шынықтыру)	
Таңтереңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары. 1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. 1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру. 2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату. 2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек. 3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу. 3.1 Бастапқы қалыпқа оралу. 4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. 4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру. (дene шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбеттің бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; наанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Құралдар: сабын. <i>Көркем сөз</i> Сиқырлы ғой қасығым,				

	<p>Жылдам жеймін асымды. Міне тاماқ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. <i>Салт-дәстүр. Наурыз көже</i> Ұлыстың ұлы құні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиуге тиіс және оны әр үй дайындаиды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шенбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетені мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер.</p>	<p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зат іздеу". Мақсат-міндеттер. Ойынға қатысадын балалар бөлмeden шығады. Осы уақытта кішкентай бір затты (сақина, өшіргіш) көрінетін жерге қойыңыз. Балалар бөлмеге кезектесіп кіреді; оларға бөлмені айналып шығып, қандай жаңа зат пайда болғанын атауға мүмкіндік беріледі. Тапсырманы</p>	<p>«Әдепті сөздер шенбері» Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы қарым-қатынас жасауға үрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шенберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>«Менің көніл-күйім» Ойынның мақсат-міндеттері: мейірімділікке, жақын адамның көніл-күйін көре білуге мейірімділікке баулу. Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көніл-күйіне үқсас екенін айтады.</p> <p>Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көніл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бүлттарға үқсайды,</p>	<p>Шаттық шенбері Балалар бір-біріне қарама-қарсы тұрып, ұл балалар құшақтасып, қызы балалар қол алдысып Наурызға арнап өз тілектерін білдіреді. Наурыз мерекесі құтты болсын! Ақ көп болсын! Жақсылық мол болсын! Береке - бірлік болсын!</p> <p>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>

	<p>Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй болып көрінер. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>орындаі алмаған бала айып ұпаймен келесі айналымға өтеді. (тәнімдық дағдылар)</p>		<p>сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынга тартағы. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүтін топтың көңіл- күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызылды екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, сұық, жаңбыр, тунерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)</p>	
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған</p>	<p>Дене шынықтыру "Наурыз келді, алақай!" Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Дене шынықтыру "Наурыз құтты болсын!" Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Музыка "Көктем келді, алақай!" Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Дене шынықтыру "Наурыз мерекесі келді". Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Қазақ тілі Наурызым, армысың! «Наурыз мейрамы» тақырыбына</p>

іс-әрекет	Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шенбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тұра бағытта еңбектеуге үйрету.	Балаларда тізені биікке көтере отырып жүргү дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүргү кезінде тәпе-тендікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелей және одан төмен тұсу дағдыларын жетілдіру	Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажыратып білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін дамыту.	Балаларда көлбеу қойылған тақтай үстінде жүргүре үйрету; бір орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту; құм салынған қапшықшаны он және сол қолымен алысқа лақтыру дағдыларын дамыту.	байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау.
2- таңғы ас	Балаларға тاماқ ішер алдында қолды жуу, тاماқтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тاماқ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тاماқтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін	Теректің бүршігін бақылау. (коршаған ортамен танысу,	Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (коршаған	Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (коршаған ортамен	Құрылыш жабдықтарын бақылау. (коршаған

бөлік". (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-куйлерін көтеруге ықпал ету. Қымыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет,	сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: участкедегі ағаштармен танысады жағастыру; бүршік жапырақтың үйі деген түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бұтактар мен ескі жапырақтарды жинау). (eңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты насхаттау, бір-бірімен сөйлесу қуанышын сезіну. Қымыл-қозғалыс ойындары: "Жұғіріп секір", "Кім жол бойымен	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілери" операциясы. (eңбекке баулу) Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау.	танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиеңден жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу). (eңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу. Қымыл-қозғалыс ойындары: "Біз көнілді балалармыз". (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету.	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құрылыштың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылышты мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегіне құрмет сезімін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (erесектерге ағаш отырғызуға көмектесу) (агашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). (eңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбекке және табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету.
---	--	--	---	--

	<p>тыныс алу қимылдарын дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Күшп жет". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.</p>	<p>жылдам жүгіреді?" (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұшу кезінде жақсы секіру техникасына қол жеткізу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру техникасын жетілдіру. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: бөренемен жүру кезінде тепе-тендік дағдыларын бекіту.</p>	<p>оыйндары: "Айна", "Күн мен түн". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.</p>	<p>Қымыл-қозғалыс оыйндары: "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру. Мақсат-міндеттер: тепе-тендікті сақтау қабілетін бекіту. (dene шынықтыру)</p>
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алады, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуга машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p>				

	<p>Құралдар: сабын. <i>Көркем сөз</i> Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй.</p> <p><i>Салт-дәстүр. Наурыз көже</i> Ұлыстың ұлы құні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиуге тиіс және оны әр үй дайындайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
Құндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.
Бірте-бірте тұрғызыу, сауықтыру шаралары	<p>Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу).</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)</p>
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тاماқтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</p> <p>"Дастарханды жаямыз" "Мақсат-міндеттер. Балаларды Наурыз мейрамына қатысты қонақты күту</p> <p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Үй салайық". Мақсат-міндеттер. Балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі қос білеудін үш жағы бойына тігінен</p> <p>"Дастарқанды жаямыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға үстелге қойылатын ыдыстар мен азық-түліктерді атап айтқызу, қонақ</p> <p>"Қонақ құтеміз" сөздік жаттығу. - Мінекей, қонақтар келіп қалыпты. Олар сендерге шашу сыйлайды. Кәмпитеттен шашу жасау.</p> <p>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Наурыз гүлдері". Мақсат-міндеттер. Балалардың наурыз гүлдерін бақылай отырып, олардың қарастынан пайда</p>

	<p>рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым ережелері жөнінде мағлұмат беру.</p>	<p>қойып, қабыргаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй күрастыруға үйрету; күрастыру барысын, құрылым материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу.</p>	<p>күту дәстүрімен таныстыру. Барысы: балалардың алдында дастарқанды жаю тәртібі көрсетіледі. Бір бала шакырылып педагогтің тапсырмасын орындайды. Кезекпен дастарқанға қойылған ыдыстар аталып, қажеті анықталады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>теріп алғаннан кейін, орындарына отырады. - Ал, қонақтар, мерекелі дастарханнан дәм татып, шай ішіндер! (шай құюды көрсету) - Балалар, мен Danaғa: "Дана, бауырсақ же" - деп үсынамын. - Салтанат, сен қонжыққа не дейсің? "Қонжық, шелпек же! Ас болсын!" - Іңкәр (Батыр, Жомарт), Danaғa (қонаққа) сен не дейсің? Дұрыс, шай іш (бауырсақ же). (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Наурыз гүлдері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Сүттен жасалатын тағамдарды ата" дидактикалық ойны.</p>	<p>"Әдептілік" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.</p>	<p>"Биші" тақпағын айтқызу.</p>	<p>"Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойны.</p>	<p>"Наурыз" тақпағын жаттау Қарды ерітіп жылғасы,</p>

<p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балалардың сүттен жасалатын тағамдарды ажырату іскерліктерін дамыту.</p> <p>– Балалар, қазір біз "Сүттен жасалатын тағамдарды ата" ойынын ойнаймыз.</p> <p>Ол үшін екі топқа бөлінесіндер.</p> <p>Орындықтарға жайғасып алындар.</p> <p>Енді, мен мұзыканы қосамын, сол музыка аяқталғанша, сендер топпен ақылдасып, қандай сүттен жасалатын тағамдар бар, соларды атайдыңдар. Қай топ тағамдар санын көп жеңеді. Жақсы ойнаған топтың балаларына қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген</p>	<p>"Әдептілік" (Өміrbай Өмірзақов).</p> <p>Рұқсатсыз бақшаға, Бақыт тіпті бармайды.</p> <p>Көрнеу қойған ақшаға,</p> <p>Суық қолын салмайды.</p> <p>Айтқан ақыл өзінің Есінен бір кетпейді.</p> <p>Жолда үлкен кісінің Алдын орап өтпейді.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>"Биші" (Токбай Исабеков).</p> <p>Биле, Алмашжан, билеші,</p> <p>Әжең көріп, жасарсын.</p> <p>Билей берсең күнде осы,</p> <p>Шара апаңнан асарсың.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>судың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.</p> <p>- Балалар, қазір біз "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойынын ойнаймыз.</p> <p>Ойынның шарты мынадай: мен "Су" дегенде судың қасиеттерінің біреуін орындарынан тұрып айтасындар. Екі топқа бөлініп, жауап беруге дайындалындар. Қай топ жылдам, әрі дұрыс жауап берсе, сол топтың балалары жеңіске жетеді.</p> <p>Педагог ойынды өзі басқарып отырады.</p> <p>Жақсы орындаған топтың балаларына сарқырама бейнеленген таңбалауыштар уlestіріледі.</p>	<p>Наурыз келді – жыл басы.</p> <p>Шуақ төкті жарық күн,</p> <p>Мейрамында халықтың.</p> <p>Бата беріп атамыз,</p> <p>Бата беріп апамыз.</p> <p>Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз.</p> <p>Б. Жақыпов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>
--	--	--	---	---

	<p>таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог: – Балалар, маған портфолиоларынды ашып көрсетіндерші! Жарайсындар, енді таңбалауыштарынды салып қойындар. (сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен тәнису)</p>		(коршаған ортамен тәнису)	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.			
Серуен	Тұсқі серуендеңі бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алады, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Құралдар: сабын. <i>Көркем сөз</i> Сиқырлы фой қасығым,</p>			

	<p>Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй.</p> <p><i>Салт-дәстүр. Наурыз көже</i></p> <p>Ұлыстың ұлы құні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиуге тиіс және оны әр үй дайындаиды.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кенейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көктем мезгілі, ауа райы, көктем мерекелері, наурыз мерекесі, салт-дәстүр) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаши, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу ұлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттал айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табигат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Коршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпактар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p>

	<p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>(шығармашылық дағдылар, жасыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуralармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигуralарды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу.	Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	Жаднама. "Біз балаларға ертегілер оқимыз".	Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова